

**ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНЕ КЕҢ ҮЛЕС ҚОСҚАН
С.КӨБЕЕВТИҢ ҰСТАЗДЫҚ ҚЫЗМЕТІ МЕН ӘДЕБИ МҰРАСЫ**

Жарасбаев Нұркелді Абдурашид ұлы

Өзбекстан Республикасы

Ташкент облысы

Шыршық мемлекеттік педагогика институты

Аннотация: Қазақ балалар әдебиетінің тарихында С.Көбеевтің көрнекті орны бар. Өмірінің соңына дейін оқытушылық қызметпен айналысқан С.Көбеев өз білімін, қажыр-қайратын туған халқына жұмсады. Оның ұстаздық, ағартушылық қызметі қазақ қоғамының артта қалған мешеулік жағдайында басталды. Ауыл адамдары арасында жаңалық таратушы болды. А.С.Пушкиннің «Дубровскийі», Н.В.Гогольдің «Өлі жандары», И.А.Крыловтың мысалдары мен А.П.Чеховтың әңгімелері С.Көбеевтің ауызша әңгімелеуі негізінде ел ішіне тарады.

Кілітті сөздер: драма, репертуар, пьеса, театрландырылған сыншы, ағартушы, ұстаз, эстетика, пафос, заманауи тақырыптар, философиялық көзқарас, өнер, суретші.

**TEACHING AND LITERARY HERITAGE OF S. KOBEEV, WHO
MADE A SIGNIFICANT CONTRIBUTION TO THE KAZAKH
CHILDREN'S LITERATURE**

Jarasbayev Nurkeldi Abdurashid oqli

Chirchik State Pedagogical Institute

Tashkent region The Republic of Uzbekistan

Abstract: S. Kobeev has a prominent place in the history of Kazakh children's literature. S. Kobeev, who was engaged in teaching until the end of his life, devoted his knowledge and energy to his native people. His teaching

and educational career began in the backward conditions of the Kazakh society. He was a newscaster among the villagers. "Dubrovsky" by AS Pushkin, "Dead Souls" by NV Gogol, examples by IA Krylov and stories by AP Chekhov spread throughout the country on the basis of S. Kubeyev's oral narration.

Keywords: drama, repertoire, play, theater critic, educator, teacher, aesthetics, pathos, contemporary themes, philosophical perspective, art, artist.

1878 жылы бұрынғы Торғай облысы, Обаған болысына қарасты нөмірі үшінші ауылда - қазіргі Ақсуат ауылында дүниеге келген. Анасы Айтбоз өте қайратты, ақылды, ауылының ортақ анасы сияқты қадірлі адам болған көрінеді. Әкесі Көбей хат таныған, шыншыл, тек қолөнерімен күн көрген. Әке-шешесінің үлгі тәрбиесі болашақ педогог-жазушының мінез құлқының қалыптасуына көп әсер еткен. Мектеп жасына жетіп қалған бала бірде әкесімен бірге бұл кездегі дәулетті кісі Соқытбайдың ауылына барғанда, Ыбырай Алтынсаринды көреді. Көп кешікпей сол ауылда ұлы ағартушы Ы. Алтынсарин бірінші рет екі жылдық мектеп ашады.

1887 жылдың желтоқсанында Алтынсариннің тікелей көмегімен Спандияр сол мектепке алынады. Содан кейінгі жылдары Қарағайлықөл деген жердегі төрт жылдық болыстық мектепте білім алады да, Қостанай қаласындағы Алтынсарин ашқан орыс-қазақ мектебінде оқуын жалғастырады. Енді ол осы қаладағы жаңадан ашылған екі жылдық педагогикалық курсқа түсіп, оны 1901 жылы бастауыш мектеп мұғалімі деген мамандық бойынша бітіріп шығады.

С. Көбеевтің Крыловтан аударған «Үлгілі тәржіме» жинағында басылған мысал өлеңдері мыналар еді: «Күйеу таңдаған сұлу қыз», «Өтірікші», «Аң ауласқан қоян», «Емен мен тал шыбық», «Шал мен өлім», «Қасқыр мен тырна», «Маймыл мен тырна», «Қасқыр мен мысық», «Шымшық пен көгершін», «Маймыл мен көзілдірік», «Аққу, шортан һәм

шаян», «Көл бақа мен өгіз», «Қарға мен түлкі», «Аңға шыққан арыстан», «Маймылдар», «Аю мен мүсәпір шал», «Қасқыр мен қазы», «Құмырсқа мен шегертке», «Түлкі мен жүзім жемісі», «Екі көгершін», «Әтеш пен меруерт тас», «Арыстан мен сары масалар», «Арыстан мен кісі», «Есек пен сандуғаш», «Ағаштың тамырлары мен жапырақтары», «Пәлеге ұшыраған қарашекпен», «Қасқыр мен кісі», «Арыстан мен тышқан», «Екі төбет», «Ұқыпты достар», «Хакім тілеген көлбақалар», «Көлбақалар», «Қомағай ит», «Етікші мен бір бай кісі», тағы басқалар.

И. Крылов өзінің мысалдарын нағыз орыс тілінің көркемдік байлығын сұрыптап пайдаланып, аса шеберлікпен көркем етіп жазды. И. Крылов мысалдарын Спандияр да қазақ тіліне өлеңмен аударды.

Спандияр Крылов мысалдарын ақындығы ұстап, ақындық өнер, өлеңнің үлгісін көрсетейін деген мақсатпен аударған жоқ. Бұл шығармалардағы ой мен идея жазушының бойын да, ойын да билеп, аудармасқа амалы болмағандықтан аударды: халыққа орыс әдебиетінің үлгілерін насихаттау, олар арқылы қазақ оқушыларына игі ой салу мақсатымен аударды. Мысал өлеңдерінде И. А. Крылов аңдар, құстар, өсімдіктер жайын кеңес етеді. Сырттай қарағанда оның мысалдары май ғана аңдар, құстар, өсімдіктер жөніндегі жеңіл күлдіргі ертеке, әңгіме сияқты көрінеді. Ал, анықтап, мағынасына үнілсек, Крыловтан мысалдары адам жөніндегі, адам қоғамы жөніндегі күлдіргі, өткір сықақ болып шығады. Мысалы, Крылов «Бүркіт пен көр тышқан» деген өлеңінде патша мен бұқараны мысал етеді. Патшаға уәзірлерінді тыңдама, бұқара халықтың үнін тыңда дейді. «Аққу шортан һәм шаян» деген мысалында патшаның мына түрлерін әжуа етеді.

С.Көбеев өзінің «Үлгілі бала» деген оқу кітабын Л.Н. Толстойдың «Новая азбука», «Русская книга для чтения», К. Д. Ушинскийдің «Детский мир», Ы. Алтынсариннің «Мактубат», «Қырғыз хрестоматиясы» деген кітаптарында үлгілі бойынша жасады: негізгі материалдарды солардан

алды .»Мектепте һәм үйде оқу үшін әр тілдердегі тәуір оқу кітаптарынан алынып, қазақша жазылды» -деп жазды автордың өзі кітаптың басында .

Кітап балаларға мектеп, оқытушы, балалардың өздері, адам тіршілігі, адам баласы қоғамның тұрмысы жөнінде түсінік беретін қысқа әңгіме, өлеңдерден басталады.

Кітаптың бұдан кейінгі бөлімдері көбінше табиғат және оның құбылыстары, балалардың ұғымына лайықты, қызықты қысқа әңгімелер ерте- аңыздар, мысал өлеңдер. Мысалы, «Қайырымды бал», «Біздің көрші», «Ит пен қайыршы», «Түскі тамақ пен кешкі тамақ», «Анасы мен немересі», «Әкесі мен баласы», «Құстың ұясы», «Өрмекші мен құрт», «Сауысқан мен қарға», «Құмырсқа мен көгершін» .Үй хайанаттары, «ар», «Есек», «Сиыр», «Екі шыбын», «Түйе», «Қойлар», «Кесірткелер» .

«Қалың мал» романы (1913)- қазақ әдебиетіндегі прозалық шығармаларының алғашқы үлгілерінің бірі. Жазушы –педогог ұстаздық қызметін жалғастыра отырып, Түбек, Бурабай, Ақсуат мектептерін ұйымдастыруға белсене қатысты. Өз өмірі мен ұстаздық, жазушылық жолы оның “Орындалмаған арман” атты мемуарлық кітабында баяндалған.

С.Көбеев. Ы.Алтынсариннің шәкірті, жазушы әрі педагог. 1901 жылдан бастап өмірінің соңғы күндеріне дейін халық мұғалімі болған. Қазақ балаларына арнап ашқан мектептеріне хрестоматиялық құрал ретінде «Үлгілі тәржіме»(1910), «Үлгілі бала»(1912) сияқты аударма, өлең-әңгімелер жинағын қоса бастырған. Алғашқы еңбегінде С.Көбеев Крыловтың 44 мысалын қазақ тіліне аударған. 1951 жылы «Орындалған арман» мемуарлық повесі басылды.

Қазақ балалар әдебиетінің тарихында С.Көбеевтің көрнекті орны бар. Өмірінің соңына дейін оқытушылық қызметпен айналысқан С.Көбеев өз білімін, қажыр-қайратын туған халқына жұмсады. Оның ұстаздық, ағартушылық қызметі қазақ қоғамының артта қалған мешеулік жағдайында басталды. Ауыл адамдары арасында жаңалық таратушы болды.

А.С.Пушкиннің «Дубровскийі», Н.В.Гогольдің «Өлі жандары», И.А.Крыловтың мысалдары мен А.П.Чеховтың әңгімелері С.Көбеевтің ауызша әңгімелеуі негізінде ел ішіне тарады. Қызылжардағы орыс-қазақ мектебінде оқып жүрген кезінде өзінің И.А.Крыловтан аударған мысалдарын жинап баспаға жіберді. 1910 жылы «Үлгілі тәржіме» деген атпен Қазанда басылып шықты. Крыловтан 40-тан аса мысал-өлең аударды. Мысал-өлеңдерінің бірсыпырасы мыналар: «Өтірікші», «Емен мен тал шыбық», «Қасқыр мен тырна», «Маймыл мен айна», «Шымшық пен көгершін», «Маймыл мен көзілдірік», «Аққу, шортан һәм шаян», «Ағаштың тамырлары мен жапырақтары», «Көлбақалар», «Қомағай ит» т.б. Замандастары бойындағы тоғышарлықты, надандықты, зұлымдық пен мақтаншақтықты, көрсеқызарлық пен өзімшілдікті мысал тілімен түспалдап әшкереледі.

Ы.Алтынсарин үлгісімен 1912 жылы «Үлгілі бала» оқу кітабын шығарады.Бұл – бастауыш мектептегі қазақ балаларына арналған оқу кітабы еді. Оқу кітабын құрастыруда С.Көбеев К.Ушинскийдің «Родное слово» кітабын басшылыққа алған. Бірқатар материалдарды содан еркін аударып пайдаланған. Кітап балаларға мектеп, оқытушы, адам(бала) тіршілігі жөнінде түсінік беретін қысқа әңгіме, өлеңдерден басталады. 60-қа жуық әңгіме, ертегі, мысал, өлеңдер бар. Көпшілігін орыс тіліндегі түрлі оқу кітаптарынан алып, қазақ балаларының ұғымына лайықтап жазған.

«Үлгілі балаға» Спандиярдың бірқатар төл шығармалары да кірген. Олар қоғамдық теңсіздікті, жетім-жесірдің аянышты тұрмысын көрсететін өлеңдер мен әңгімелер. Кітапқа енген шығармалар арқылы балаларды өнер-білімге, мәдениетке шақырды, іскерлікке, қиындыққа төзімді болуға, қайырымдылыққа шақырды. Ыбырай үлгісіндегі педагог жазушы С.Көбеев те балалардың теңсіздіктегі өмірін аяушылықпен суреттейді. «Жетім» атты өлеңінде ол жетім баланың қысқы аязда тоңған, әрі аш кейпін суреттей отырып, оны аяп үйіне әкеп тамақ берген, жылы төсекке ұйықтатқан

кемпірдің ықыласына ризалық білдіреді. «Қайыршы» өлеңінде автор елден жинаған тиын-тебенін ғарыптерге, ақсақ, соқырларға үлестіріп берген қайыршының қайырымдылығын жазады. С.Көбеевтің халық арасында кең тараған шығармасы – «Жетімнің өлеңі». Онда жазушы жетім баланың аянышты халін суреттеп, феодалдық ортаның мораліне қарсы қояды. Өлең идеясы жалпы қазақтық қасиеттер туралы ойлармен, арманмен ұласады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аль-Фараби. Трактаты о музыке и поэзий. – А., 1992
2. Байтұрсынов А. Ақ жол – А., 1991
3. Веселовский А. Н. Историческая поэтика. – М., 1940
4. Тайлор Э. Первобытная культура – М., 1989
5. Анисимов А. Духовная жизнь первобытного общества – М., 1978
6. Гусев В. Е. Эстетика фольклора – Л., 1967
7. Пропп В. Я. Фольклор и действительность – М., 1976
8. Эмельянов Л. И. Методолог, вопросы фольклористики – Л., 1978
9. Әуезов М. Әдебиет тарихы – А., 1991
10. Ысмайылов Е. Ақындар – А., 1956
11. Смирнова М. С. Казахская народная поэзия – А., 1967
12. Садырбаев С. Фольклор және эстетика – А., 1976